

Екінші деңгейдегі банктердің және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының қаржылық есептілікті ұсыну тізбесі, мерзімдері және тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 23 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4553 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2011 жылғы 25 ақпандағы № 11 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2011.02.25 № 11(қолданысқа 2011.07.01 енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 84 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының 8-бабына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 9-бабына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңының 54-баптарына, "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңының 19-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 82 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 84 Қаулыларымен.

1. Еншілес ұйымдары жоқ екінші деңгейдегі банктер және "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - банктер) жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде Халықаралық қаржылық есеп стандарттарында және осы қаулының 3 және 5-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес жасалған, аудиторлық ұйым растаған, қағазға басып шығарылған шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) ұсынсын.

Еншілес ұйымдары бар банктер жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30

сәуіріне дейінгі мерзімде Халықаралық қаржылық есеп стандарттарында және осы қаулының 3 және 5-тармақтарында көзделген талаптарға сәйкес жасалған, қағазға басып шығарылған шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктерді уәкілетті мемлекеттік органға ұсынсын.

Банктер шоғырландырылмаған және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептіліктерді ұсынған кезде аудиторлық ұйымның растауы тек шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілік үшін ғана талап етіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 82 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

2. Алынып тасталды.

3. Бухгалтерлік баланстан, пайда және зиян туралы есептерден, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және түсіндірме жазбадан тұратын банктің қаржылық есептілігі халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жасалады.

Исламдық банктің қаржылық есептілігі қосымша осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жасалатын инвестициялық депозиттердегі өзгерістер жөнiндегi есептен тұрады.

Қаржылық есептілік өзінің мәні, функциялары, көлемдері бойынша елеулі айырмашылығы бар және қаржылық жай-күйді, қаржылық нәтижені, ақша қаражатының қозғалысын және банктің капиталындағы есепті кезеңдегі өзгерістерді түсінуді жақсартуға себепші болатын сомалар бойынша жеке желілік баптардан тұруы тиіс.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20 N 82 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.04.27 N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

4. Алынып тасталды

5. Банктің ақша қаражатының қозғалысы туралы есебі банктің таңдауы бойынша тікелей немесе жанама әдіспен халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалады. 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап банктің ақша қаражатының қозғалысы туралы есебі тікелей әдіс бойынша жасалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 82 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

6. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының

2007.07.20. N 82 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз)
Қаулысымен.

7. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.04.27 N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен

8. Бухгалтерлік есеп департаменті (Шалғымбаева Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне және банктерге жіберсін.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетоваға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

" К Е Л І С І Л Д І "

Қаржы рыногы мен қаржылық
ұйымдарды мемлекеттік реттеу
және қадағалау агенттігінің

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2007 жылғы 5 ақпандағы N 11
қаулысына 1-қосымша

(исламдық банктің толық атауы)
20___ жылғы "___" _____ аяқталатын кезеңге
инвестициялық депозиттердегі өзгерістер жөніндегі есебі

Ескерту. Қаулы 1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.04.27 N 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

(мың Қазақстан теңгесімен)

--	--	--	--	--	--

	Бағалы қағаздар портфелі		Жылжымайтын мүлікке инвестициялар		Сауда қызметіне инвестициялар портфелі		Басқа да инвестициялар		Жиынтығы	
	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге	Есепті кезеңге	Алдыңғы кезеңге
Кезең басындағы инвестициялар										
Инвестициялық депозиттерді қабылдау										
Инвестициялық депозиттерді алу										
Инвестициялық кіріс (зиян), оның ішінде										
әділ құны бойынша қайта бағалаудан										
Әкімшілік және өзге де шығыстар										
Банкке комиссия (банк кірісі)										
Кезең соңындағы инвестициялар										

Бірінші басшы _____ күні _____
Бас бухгалтер _____ күні _____
Орындаушы _____ күні _____
Телефоны _____

Мөрдiң орны

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2007

жылғы

05

ақпандағы

№ 11 қаулысына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.04.27 № 36 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының күші жойылды деп танылған қаулыларының тізбесі

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1170 тіркелген) ;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының»Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1835 тіркелген) ;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну мен жариялау тәртібі туралы" 2005 жылғы 14 ақпандағы N 25 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3499 т і р к е л г е н) ;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3496 тіркелген) ;

5) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің жылдық қаржылық есебінің тізбесі, нысандары, мерзімдері және ұсыну мен жариялау тәртібі туралы" 2005 жылғы 14 ақпандағы N 25 қаулысына толықтыру енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 94 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3863 тіркелген).